



ҚАЛА МЕН САЛА

КӨШЕҢЕ
ҚАРАП КӨҢІЛІҢ
ӨССЕ...

4-БЕТТЕ



ҚОҒАМ

БАЛАЛАР
ҮШ АЙ ҮЙДЕ
ОТЫРА МА?

6-БЕТТЕ



СҰХБАТ

ЖАҢА ҒАСЫРДЫҢ
ЖАСАМПАЗ
ҚАЛАСЫ

8-9-БЕТТЕРДЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ASTANA



№64 (4033) | Сейсенбі | 2 маусым 2020 жыл

AQSHAMY



Нұр-Сұлтан қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы тұрғындарға «Open space» форматында қызмет көрсетуді соңғы бірнеше жылдан бері жүзеге асырып келеді.

Биылғы жылдың I тоқсан қорытындысы бойынша 28 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның 12 мыңға жуығы, яғни 42 пайызы тек электрондық үкімет порталы мен ақпараттық жүйелер арқылы ұсынылған. Электронды форматта көрсетілетін қызмет саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10 пайызға өскен.



Көше-жол желісін орташа жөндеу аясында Қонаев көшесі бойындағы Мәңгілік ел даңғылынан Қабанбай батыр даңғылына дейінгі учаскеде жолқұрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Осыған байланысты 31 мамырдан 11 маусымға дейін осы учаскеде қозғалысты жартылай жабу жоспарланған. Елорда тұрғындары мен қонақтары қала жолдарында кептелістің алдын алу үшін өз маршрутын алдын ала жоспарлау қажет.

БЛОКБЕКЕТТЕР АЛЫНДЫ, ҚАУІП ӘЛІ СЕЙІЛГЕН ЖОҚ

1 маусымнан бастап Нұр-Сұлтан қаласына кіретін жолдардағы тосқауыл бекеттер алынып, көліктер емін-еркін қатынай бастады. Бұл тосқауыл бекеттер қала халқының денсаулығын қорғап, жұқпалы індеттің таралуының алдын алу үшін 70 күн бойы күшейтілген режимде жұмыс істеді. Алайда тосқауыл бекеттердің алынуы індет түбегейлі жойылды дегенді білдірмейді. Қауіп әлі сейілген жоқ. Сондықтан отандастарымыз босаңсымай, карантин талаптарын әлі де қатаң сақтағаны дұрыс.



АЛҒАШҚЫ ӘДЕБИ-
МЕМОРИАЛДЫҚ
МУЗЕЙ

10-11



КӨРШІЛЕРДІҢ
КӨКӨНІСІ
КӨБЕЙІП ТҰР

5

**COVID-19
ҚАЗАҚСТАНДА**

РАСТАЛҒАН
ЖАҒДАЙ: **11308**

ЖАЗЫЛЫП
ШЫҚҚАНДАР: **5458**

ҚАЙТЫС
БОЛҒАНДАР: **41**

«ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ
ЖАРТЫСЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 458.13 \$ USD/KZT 411.54 ₸ RUB/KZT 5.84 ¥ CNY/KZT 57.64

www.astana-akshamy.kz



СҮБЕЛІ СӨЗ

Қасым-Жомарт
ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті:



Барша қазақстандықтарды Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтаймын. Бұл – өскелең ұрпақтың амандығына, денсаулығы мен қауіпсіздігіне аға буын жауапты екенін еске салатын мереке. Еліміздегі әр бала мейірімге бөленіп, балалық шағын бақытты әрі қызықты өткізуге қақылы.

(01.06.2020 ж. твиттердегі парақшасынан алынды)



КАРАНТИН КЕЗІНДЕ ДЕ ҚАБЫЛДАУ ТОҚТАҒАН ЖОҚ

» Елорда әкімі Алтай Көлгінов онлайн қабылдау өткізді. Тұрғындар тұрғын үй бағдарламаларына қатысу, қосымша білім алу, апатты үйлерді бұзу және күрделі жөндеу мәселелері бойынша өтініш білдірді.

Қала басшысы ТЖ және карантин режимін енгізгелі бері 110 адамды, жыл басынан бері 500-ден астам адамды онлайн қабылдады. Сұрақтардың басым бөлігі шешімін тауып, қалғандары бақылауға алынды. Сонымен қатар онлайн режимде құрылыс компаниялары, шағын және орта бизнес өкілдерімен, инвесторлармен, жеке білім беру орталықтарымен және басқалармен кездесулер өтуде. Мұндай кездесулер уақытты тиімді пайдалануға және әр компаниямен жеке жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Әкімнің айтуынша, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы бойынша елордада 2020 жылы 50-ден астам көпәтерлі тұрғын үй кешені жөндеуден өтеді. Сондай-ақ 100-ден астам лифт жөнделеді. Ең проблемалы тұрғын үй кешендері қамтылады. Жаңғырту бағдарламасы – қайтарымды қаражат. Мемлекет күрделі жөндеуге қаражат бөледі, содан кейін бұл қаражат тұрғындар арасында 15 жылға дейінгі мерзімге бөлінеді.

МИНИСТРЛІК ЖОСПАРЛАРЫ БАЯНДАЛДЫ

» Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаеваны қабылдады. Президентке министрліктің атқарып жатқан жұмысы және таяу болашақтағы жоспарлары туралы баяндалды.

Мемлекет басшысы дағдарысқа қарсы шараларға және азаматтық қоғамды дамытуға баса назар аудару қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ халықпен кері байланыс жұмысын күшейту, мемлекеттік ақпараттық тапсырыс нормаларын жетілдіру, мемлекеттік медиаресурстарды оңтайландыру, салалық журналистиканы дамыту мәселелері де қозғалды.

Аида Балаева Қасым-Жомарт Тоқаевқа жақында құрылған Этносаралық қатынастарды дамыту жөніндегі комитет пен Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының міндеттері жайында мәлімет берді.

Президент ақпараттандыру және қоғамдық даму бағытындағы жұмыстардың тиімділігін арттыру жөнінде тапсырма берді.



БАР ЖАҚСЫЛЫҚ – ЖЕТКІНШЕККЕ

» Қала әкімі Алтай Көлгінов өзінің Instagram-дағы парақшасында жұртшылықты Балаларды қорғау күнімен құттықтады.

– Ата-аналар мен балаларды 1 маусым – Балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын! Балалар – біздің болашағымыз. Мемлекет білім беру саласын дамытуға және ерекше қажеттілігі бар балаларды қолдауға ерекше көңіл бөледі. Әкімдік жұмысты жүйелі негізде жүргізеді. Ерекше қажеттілігі бар балалардың ата-аналарымен кездесу кезінде бірқатар мәселелер көтерілді. Олардың қатарында оңалту орталықтары желісін кеңейту, инвентар санын арттыру, жұмысқа орналасу және т. б. Қалада ерекше қажеттілігі бар 5,5 мың бала бар. Балаларды оңалту үшін жағдай жасаймыз, – деп жазды А.Көлгінов. Сонымен қатар балалар үшін істеліп жатқан жұмыстарға да тоқталған әкім төмендегі біршама түйінді айрықша атады.

– Біріншіден, өткен жылдан бастап церебралды паралич, аутизм, Даун синдромы және т. б. диагнозы бар балаларды оңалту орталықтарын кеңейту бойынша жұмыстар басталды;

– Уәлиханов көшесінде орналасқан «Асыл мирас» аутизм орталығын жаңа үй-жаймен жабдықтау аутизм диагнозы бар балаларды екі есе қамтуға мүмкіндік береді;

– Былтыр «Erekshe balalar» оңалту орталығындағы әр балаға кететін бір күндік қаржыландыру сомасы 2820 теңге болса, қазір бұл қаражатты екі есе арттырдық. Әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы өсті, ғимарат берілді. Орталықта БЦП диагнозы, аутизм, Даун синдромы бар балаларға көмек көрсетіледі;

– «Орда» оңалту орталығы Даун синдромы мен аутизмді бар балаларға көмек көрсетеді.

Екіншіден, ерекше қажеттілігі бар балалардың күтімімен айналысып отырған ата-анаға жұмысқа орналасуға, қосымша білім алуға, медициналық көмек алуға және т. б. көмектесеміз.

Үшіншіден, көру қабілеті төмен балаларға арналған балабақша құрылысы басталды. Ипподром базасында иппотерапиямен айналысуға арналған жабық манеж тұрғызылды. Сонымен қатар, жазда оңалту орталығының құрылысы басталады. Инвентар саны екі есе өсті.

Төртіншіден, жаңа ғимараттардың бірінші қабаттарында медициналық орталықтар, балабақшалар, оңалту орталықтары орналастырылды. Осы бағытта жұмысты жүйелі негізде жүргіземіз, – деді шаһар басшысы.

БЛОКБЕКЕТТЕР АЛЫНДЫ

» Нұр-Сұлтан қаласында бақылау бекеттері алынды. Енді көліктер еркін қатынай алады.



Елордада 19 наурыздан бастап тосқауыл бекеттер қойылды. Жеті тосқауыл бекеті жұмыс істеп, ідеттің алдын алу жұмысына көп септігін тигізді. Тосқауыл бекеттердің алынуы карантиндік режим аяқталды деген сөз емес. Сондықтан жауапты мамандар жүргізушілер мен жолаушыларды сақтық шараларын әлі де сақтауға шақырып отыр.

ІІМ баспасөз қызметінің мәліметіне қарағанда, карантиндік режим кезінде елде 400-ге жуық блокбекет жұмыс істеді, оған 6000-ға жуық ІІО қызметкері қатысты. Барлық кезеңде 3,2 млн-нан астам көлік құралы мен 5 млн жолаушы тексерілді.

Сондай-ақ Қарағанды тасжолындағы «Жібек жолы» блокбекетінде Нұр-Сұлтан-ның Полиция департаментінің басшысы Ержан Сәденов вируспен күресте алдыңғы шепте болған дәрігерлер, полицейлер мен еріктілерді марапаттады. Дәрігерлер, еріктілер мен полицейлер ҚР ІІМ Ерлан Тұрғымбаев, елорда әкімі Алтай Көлгінов және Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментінің басшысы Ержан Сәденовтің атынан грамота және алғыс хаттармен марапатталды.

Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев өзін-өзі оқшаулау және шектеу тәртібі кезеңінде қабылданған шаралардың арқасында елдегі қылмыс 26 пайызға төмендегенін мәлімдеді.

» АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

■ ШЫМКЕНТ

Шымкентте 2448 жер учаскесі мемлекетке қайтарылды. Өткен жылы 199 жер учаскесіне 2 млрд 301 млн теңге қаражат бөлінді, 61,8 га жер мемлекетке қайтарылған. Бұл жер телімдері тұрғын үй мен жол құрылысына, мектеп пен «жасыл аймақ» құруға қажетті нысандарды қамтиды.

■ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Өңірдегі 556 мектептің 30 пайызы қайта жаңартылады. Биыл осы мақсатқа 15 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген. Аймақтағы білім ошақтарының көбі ескіргендіктен, биыл 29 нысан күрделі жөндеуден өткізілмек. Жөндеу жұмыстары жылда маусым айында басталатын болса, биыл құрылысшылар бұл жұмысқа бір ай бұрын кірді.

■ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Маңғыстау өңірінде жыл соңына дейін жалпы құны 12,3 млрд теңгені құрайтын 43 жоба жүзеге асырылмақ. Нәтижесінде үш жарым мың қала тұрғыны жұмыспен қамтылады. Қазірдің өзінде «Еңбек нарығы» базасында жұмыссыз ретінде тіркелген мыңға тарта адамға жолдама берілсе, оның 400-ге жуығы тұрақты табыс көзін тапқан.

■ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Омарташылар оңтүстіктен «карпат» тұқымдас аралар әкеліп, күтіп-баптауға кірісті. «Карпат» араларының артықшылығы суыққа төзімді. Жаңбырда да бал жинайды. Сондықтан да солтүстікқазақстандық омарташылардың таңдауы соған түсті. Биыл облысқа 6 мың «карпат» арасы әкелінді.

■ ТҮРКИСТАН ОБЛЫСЫ

Облыста жыл соңына дейін 917 шақырым жол жөнделеді. Оған жергілікті бюджеттен 42 млрд теңге бөлінді. Кентау қаласында алты шақырымнан асатын тоғыз көше жаңа кейіпке енеді. Шам бағаналарын орнату, тротуарлар төсеу жұмыстары да қатар қолға алынған. Өткен жылы облыс жолдарын қалыпқа келтіруге шамамен 50 млрд теңге жұмсалған.

БАЛАЛАР ДЕНСАУЛЫҒЫ – ҰДАЙЫ НАЗАРДА



» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының кезекті сессиясында мектеп оқушыларының денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету мәселесі талқыланды. Бұл туралы қала әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен баяндама жасады.

Қазіргі кезде елордада 117 білім беру ұйымы жұмыс істейді. Былтырдан бері орта мектептердегі медициналық кабинеттер мен ондағы медицина қызметкерлері Қоғамдық

денсаулық сақтау басқармасына қарайды. Орта білім беру ұйымдары аумақ бойынша емханаларға тіркелген. Биылдан бастап Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан бір

оқушыға 470,84 теңге бөлінеді. Осы жылдың төрт айының қорытындысы бойынша 55372 бала скринингтен өту керек еді. Қазірге дейін олардың 78 пайызы қамтылды.

Бұған қоса, оқушыларға екпе салу жұмысы жүргізілуде. Басымдық 9 және 11-сынып оқушыларына, сондай-ақ декреттелген жаста жоспарлы екпені алмаған балаларға беріледі.

– «2019-2022 жылдарға арналған елордадағы мектеп жасындағы балаларға медициналық қызмет көрсетудің» жол картасы жұмыс істеп жатыр. Мектептердегі бүкіл медицина кабинеттерін медициналық техникамен жабдықтау, «Мектеп медицинасы» циклы бойынша мектеп медицинасымен айналысатын дәрігерлерді оқыту, оларға осы жылдың екінші жартысында сертификат беруді ұйымдастыру – өзекті жұмыс. Скринингті тұрақты түрде және сапалы жүргізу аса маңызды. Мектеп оқушыларының денсаулығын тоқсан сайын тексеріп, бұл жұмысқа мониторинг жүргізіп отыру керек. Ауытқушылықтарды ерте кезден анықтап, сауықтыру жұмыстарын жүргізу қажет. Балалардың денсаулығын сақтауға аса зор жауапкершілікпен қараған жөн. Әсіресе, ерекше қажеттілігі бар балаларды ұмытпауымыз керек, – деді Б.Мәкен.

ҚАЛА МАҢЫНА ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚАТЫНАЙ БАСТАДЫ

» Кешеден бастап бас қаламыздың маңындағы барлық бағыттар бойынша қоғамдық көлік қатынай бастады. Көліктер сағат 06:00-22:00 аралығында жүреді.

Автобустар әдеттегідей дезинфекцияланады. Жүргізушілер қауіпсіздік шараларын сақтайды: бетперде тағады, қолғап киеді және антисептик пайдаланады. Санитарлық нормаларды сақтау, яғни бетперде тағу жолаушылардан да сұралады. ҚР бас санитарлық дәрігерінің 10 мамырдағы қаулысына сәйкес, жолаушыларға қоғамдық көлікке бетпердесіз кіруге болмайды. Қаулының орындалуын Көліктік бақылау департаментінің қызметкерлері бақылайды. Олар қоғамдық көліктегі санитарлық нормалар туралы түсіндіру жұмыстарын жолаушылармен күнделікті жүргізеді.



Жолаушы бетперде тағудан бас тартқан жағдайда, автобустан түсіріледі. Жүргізушілерге автобустағы жүктеме 50 пайыздан аспауы керек деген талап сақталады. Жол ақысын қолма-қол ақша-

сыз жүргізу қажет. Ол үшін көліктік карта, балама төлем түрлері қарастырылған – SMS, QR-код және мобильді қосымшалар. 18 жасқа дейінгі балалар көлік картасымен елорданың қоғамдық көлігінде тегін жүреді.

ПОЙЫЗ ҚАТЫНАСЫ ҚАЛПЫНА КЕЛДІ

» Кешеден бастап елімізде пойыз қатынасы жанданды. Бірақ мұнда да санитарлық талаптар қатаң бақылауда болады. Мәселен, теміржол вокзалдарына тек маскамен кіру керек. Ал вагон-мейрамханалар әзірге қызмет көрсетпейді.

Айта кетейік, пойыз билеттері 15 мамырда сатыла бастаған еді. Оған жауапты ұлттық компания баға тұрақты болатынын жеткізді. Яғни билетті 1 ай не 1

күн бұрын алсаңыз да ақысы өспейді. Пойыз жолаушыларынан індетке қатысты тест тапсыру міндеттелмейді және басқа аймаққа келгенде карантинге жатқызбайды.

■ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Батыс өңірде жыл сайын қызыл жалын он мыңдаған гектар аумақты күлге айналдырады. Шалғай өңірлерге өрт сөндірушілер жетуі мұн болғандықтан, былтыр 6 ауылда өрт сөндіру бекеттері ашылған. Биыл тағы 9 елді мекенде осындай қосындар құру жоспарланып отыр.

■ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Атырауда бес жыл үзілістен кейін өзен порты жұмысын қайтадан бастады. Жайық-Каспий каналының түбін тереңдету жұмысының жүргізілуіне байланысты жұмыс тоқтап қалған порттың енді шетелден тауардың кез келген түрі тиелген су көліктерін қабылдауға толық мүмкіндік бар.

■ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Шет ауданындағы орталық ауруханада күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Ғимараттың іші-сырты, шатыры толық жаңартылмақ. Осы мақсатқа қазынадан 500 миллион теңге қаржы бөлінген. Жоба екі жылға жоспарланған, алайда мердігер компания бір жылдың ішінде аяқтап, нысанды желтоқсан айында тапсырамыз деп отыр.



ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



АҚШ-та ЖАҒДАЙ УШЫҒЫП ТҮР

АҚШ-тың көптеген ірі қалаларындағы жаппай тәртіпсіздіктің басылар түрі жоқ. Наразылық шара елдің 20-дан астам штатына лезде тарайды. Ереуіл тәртіп сақшыларымен қақтығысқа ұласып, кейбір қалалардың астан-кестеңі шықты.


Наразылар жолдағының бәрін жайпап, қиратып жатыр. Сауда орталықтары мен кеңселер өртенген. 30 тәртіп сақшысы жарақат алып, ауруханаға түсті. Қамауға алынғандар да бар. Миннеаполис қаласында бастау алған ереуілдерге 47 жастағы афроамерикалықтың полицей қолынан қаза табуы мұрындық болды. Оқиғаға қатысқан 4 тәртіп сақшысының біреуі тұтқындалып, қалған үшеуі қызметінен босатылды.



COVID-19: БРАЗИЛИЯДА – ЭЛЕМДІК РЕКОРД

Бразилияда соңғы тәулікте 27 мың адам вирус жұқтырды. Алдыңғы күні ауру 26 мың тұрғыннан анықталған.

Кеселдің осыншама жылдам тарауы бұған дейін ешбір елде болған жоқ. Қазір Бразилиядағы науқастардың жалпы саны 515 мыңнан асып жығылды. Соның 29 мыңы көз жұмған. Ал әлем бойынша 6 миллион 121 мың адам індет жұқтырып, 371 мыңнан астам адам опат болды. Қазақстанда 11308 адам індет жұқтырып, 41 адам қайтыс болды. 5400 адам емделіп шықты.



ҒАРЫШ СТАНСАСЫМЕН СӘТТІ ТҮЙІСТІ

Бүкіл әлем назар тіккен америкалық «SpaceX» компаниясының «Dragon» ғарыш кемесі халықаралық ғарыш айлағымен сәтті түйісті.

Америкалық ғарышкерлер Даг Херли мен Роберт Бенкен мінген кеме ғарыш айлағына еш қиындықсыз автоматты режимде қонды.

«Dragon» ғарыш кемесі өткен сенбі күні Флоридадағы Канаверал мүйісінен ұшырылды. Бұл – АҚШ-тың 2011 жылдан бері ғарыш кемесін өз аумағынан алғаш аттандыруы. Жоба НАСА мен кәсіпкер Илон Масктың «SpaceX» компаниясы арасындағы коммерциялық ұшырулар келісімшарты негізінде жүзеге асырылды. Себебі 2011 жылдан бері НАСА халықаралық стансаға өз ғарышкерлерін ресейлік «Союз» кемесі арқылы ұшырып келген.

Дайындаған Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



ҚАЗАҚСТАНҒА ЖЫЛ САЙЫН АЛЫС-ЖАҚЫН ШЕТЕЛДЕРДЕН \$600-700 МЛН-ҒА КӨКӨНІС ПЕН ЖЕМІС-ЖИДЕК ТАСЫМАЛДАНАДЫ. ЯҒНИ ІШКІ СҰРАНЫСТЫҢ 60 ПАЙЫЗЫ ИМПОРТТЫҚ ӨНІМДЕР АРҚЫЛЫ ЖАБЫЛАДЫ. МҰНЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІ ӨЗБЕКСТАН МЕН ҚЫТАЙДАН ӨКЕЛІНЕДІ. АЛ ЭКСПОРТТАЛАТЫН КӨКӨНІСТІҢ КӨЛЕМІ ОДАН 10 ЕСЕ КЕМ, НЕГІЗІНЕН, РЕСЕЙГЕ ЖӨНЕЛТІЛЕДІ.



КӨРШІЛЕРДІҢ КӨКӨНІСІ КӨБЕЙІП ТҰР



Дәулет АСАУОВ

ҚЫТАЙДЫҢ КӨКӨНІСІ КЕЛМЕСІН ДЕ...

Әлемдік тәжірибеде егер импорттың үлесі 20 пайыздан асса, ол мемлекеттің азық-түлік қорғанысына қауіп төндіріп тұрғанын білдіреді. Осыған қарап-ақ біздің елде көкөніс-жеміс нарығындағы жағдайдың қаншалықты ұшығып кеткенін бағамдай беріңіз.

Ритейлердің пікірінше, Қытай кейінгі 10-15 жылда, әсіресе қысқы маусымдарда Қазақстанға жеміс-көкөністерді, цитрус өнімдерін экспорттаушы басты елге айналды. Жылда желтоқсан айынан сәуірдің ортасына дейін республикалық сауда тораптарын түгелдей қытайдың мандарині, апельсині, лимоны, бұрышы, баклажаны, брокколиі, түрлі түсті орамжапырағы, зімбір тамыры, сарымсағы мен алмалары жаулап алады. Ал Шың елі (Қытай) өнімдерінің сапасы, сыпайылап айтқанда, өте үлкен күмән тудыратыны баршаға мәлім. Сіз өз ақшаңызға ауру сатып алуыңыз әбден кәдік. Әйтпесе, оның адамға еш пайда-зияны жоқ, селсіз, нәрсіз, құнарсыз, табиғаты белгісіз нәрселерден жасалуы мүмкін. Онда ақшанды

тектен-текке шашқанмен бірдей боласыз.

Жақында ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров ЕАЭО мүше-мемлекеттерімен және үшінші елдермен шекарадағы ветеринарлық және фитосанитарлық бақылау бекеттерінде жұмыс күшейтілгенін, қаңтар айында ҚХР-дан балық және балық өнімдерін алып келуге және транзиттеуге шектеу қойылғанын, 2 наурыздан бастап сүйекті, шекілдеуікті және цитрусты дақылдарына уақытша тыйым салынғанын айтты. Өйткені Қытай өнімдерінде жүйелі түрде «карантиндік объектілер» анықталып келген. Сүйекті өнімге – шие, шабдалы, өрік; шекілдеуіктіге – алма, алмұрт, айва; цитрустыға – лимон, апельсин, мандарин, грейпфрут жататынын айта кетейік.

Аспан асты мемлекетінің Қазақстанның санитарлық-эпидемиологиялық талаптарын талай рет бұзып жүргенін де осы жерде айта кетейік. Мәселен, ҚХР-дың Қазақстан аумағына карантинге жатқызылған өнімдерді алып кіруі бойынша 2019 жылы 52 заң бұзушылық анықталған: оның ішінде 7 карантиндік

организмдер, 22 фитосанитарлық сертификатсыз өнімдер, 13 карантинге жатқызылған өнімнің орамасында маркировка болмауы, 3 фитосанитарлық талаптардың бұзылуы, 4 фитосанитарлық сертификаттың сәйкессіздігі және 3 карантинге жатқызылған өнімді тексеруден өткізбеу әрекетіне қатысты. Карантинге жататын өнімдердің барлығы кері қайтарылды. Ал заң бұзушыларға жалпы мөлшері 2 млн теңгеге 27 айыппұл салынды.

Осы мақаланы жазу барысында елордадағы ірі екі-үш базарды аралап шыққанымда, оларда Қытай өнімдерінің қаптап тұрғанына көзім жетті. Мұның жайын сұрап ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне телефон соқтым, министрліктің Агроөнеркәсіп кешені мемлекеттік комиссиясының Сыртқы бақылау және қадағалау басқармасының бас маманы Еркін Омаров Қытайдың жемістері мен көкөністеріне қатысты тыйымның әлдеқашан алынып тасталғанын айтты.

ОТАНДЫҚ ӨНДІРУШІ НЕГЕ ҚАЗҒАРСЫЗ?

Қазақстандық өндірушілердің көрші Қытайдан, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан, тіпті алыс Еуропа мен

Азия елдерін айтпағанда, мұхиттың арғы беті – Америка құрлығынан келетін тауарлардың орнын бастаға қауқары жоқ. Оның үстіне, карантиннің кесірінен базардағы жеміс пен көкөністің бағасы 15-20 пайызға, тіпті кейбіреуі екі есе өсіп кетті.

Әттеген-айы, экзотикалық өнімдерді айтпағанда, басқа ауылшаруашылық тауарларының бәрін өз жерімізде өндіруге мүмкіндік мол. Ол үшін кең-байтақ жеріміз де, жұмыссыз жүрген еңбек күші де жеткілікті. Сондай-ақ кейбір талдаушылардың пайымдауынша, өңірлерден шағын тоғандарды көптеп қазып, көктемде су

Бір мысал: Израиль мемлекетінің аумағы біздің Жамбыл облысының жартысындай ғана, әрі жерінде құм мен тастан басқа ештеңе жоқ. Бірақ осы Израиль Қазақстанды құлпынаймен және шиенмен жыл – он екі ай бойы үзіліссіз қамтамасыз етіп отыр. Таңданбай көріңіз!

– Импорттық өнімдерді ығыстырып шығару үшін елімізде көкөніс-жеміс өсіретін жылыжайларды көптеп салуымыз керек. Онда да гидропондық технология бойынша жобаланған, өнімді әдеттегіден 2-3 есе көп беретін өнеркәсіптік жылыжайлардың орны ерекше. Жалпы, қол-

Импорттық өнімдерді ығыстырып шығару үшін елімізде көкөніс-жеміс өсіретін жылыжайларды көптеп салуымыз керек. Онда да гидропондық технология бойынша жобаланған, өнімді әдеттегіден 2-3 есе көп беретін өнеркәсіптік жылыжайлардың орны ерекше

тасығанда, оны толтырып алу арқылы су тапшылығын шешуге болады. Бұған қоса, ауыл шаруашылығына әлемдік ғылым мен инновацияның озық технологияларын енгізу арқылы саланы түбегейлі өркендетіп жіберу қажет. Әйтпесе, қымбат импорттық тауар қарапайым халықтың қалтасын қағып-ақ тұр.

даныста «көшеттік жылыжай» және «өнеркәсіптік жылыжай» деген ұғым бар. Қазақстандағының басым көпшілігі – «көшеттік», олар тек ерте көктемде және күзде ғана өнім береді, қыста қаңтарылып тұрады. Ал бізге керегі – қысы-жазы үзбей өнім беретін өнеркәсіптік жылыжай, – дейді Қазақстан жылыжайлар ассоциация-

сының президенті Қанат Қошман.

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің есебіне жүгінсек, елімізде ауылшаруашылық кәсіпорындарына қарасты жылыжайлардың аумағы – 1803 гектар. Фермерлік қожалықтардың жылыжайы 6176 гектарды, халықтың қолындағы жекеменшік жылыжайлар 3658 гектарды құрайды.

Олардың тоқсан пайызы Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан, тек Шымкент қаласының бір өзінде жалпы аумағы 500 гектар болатын жылыжайлар бар. Сондай-ақ Алматы, Маңғыстау, Жамбыл, Қарағанды, Ақтөбе және Қызылорда облыстарында шоғырланған. Ал елордада орын тепкен жылыжайдың аумағы бар болғаны 3,2 гектардан да аспайды.

ЖЫЛЫЖАЙ ӨНДІРІСІН ДАМУЫҒА НЕ КЕДЕРГІ?

Әдетте, ауданы 1 га асатын өнеркәсіптік жылыжайлардың құрылысын шетелдік компаниялар жүргізеді. Қазақстанда жылыжайдың кешені құрастырылмайды, ол тек шетелден тасымалданады. Ал Шымкенттегі «Zero Max» ЖШС кәріс технологиясы бойынша тек үлдір жарғаққа (пленка) арналған құбырлы құрастырылым шығарады. Бірақ бұл оңтүстік климатқа бейімделген, еліміздің солтүстігі мен батысының ауа райына жарамайды. Сондықтан жылыжай ұстаймын деушілер оның құрастырылым қаңқасы мен жабдықтарын Голландиядан, Испаниядан, Израильден, Түркиядан алдырады. Алайда Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы Ресей мен Беларусь Қазақстанның үшінші мемлекеттен жылыжай кешенін тасымалдауына үзділді-кесілді қарсы шықты.

ЕАЭО-ға мүше екі мемлекет жылыжайдың құрастырылым қаңқасы мен суару жабдықтарын шығарады, бірақ қалған құрамдас бөліктерін өздері де түгелдей шетелден импорттайды. Соған қарамастан Қазақстанның жылыжайды тек өздерінен ғана сатып алуын қалайды. Сөйтіп, республикаға алыс шетелден келетін жылыжай кешендері үшін ЕАЭО нормаларына сәйкес, оның бағасының 16,5 пайызы көлемінде мемлекеттік баж салығын төлеуді міндеттеген. Ал бұл жобаның айтарлықтай қымбаттауына, сөйтіп саланың дамуына орасан кедергі келтіріп отыр.

ҚР делегациясы мәселені оңтайлы шешу үшін 2017 жылы екі рет Мәскеуге барды және ЕЭК отырысында талқылап қайтты. Бірақ өзінің позициясын қорғай алмады, яғни мемлекеттік баж салығы бұрынғысынша қалды. Бұл жобаның әлдеқайда қымбаттауына әкеліп соқтырып отыр. Сөйтіп, Қазақстанның жылыжай өндірісін дамытуына ең бірінші болып ЕАЭО-ға қатысушы ең жақын екі көршіміздің қарсы шыққаны қынжылтады.

АРНАЙЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАУ ҚАЖЕТ



» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуін жариялағаны мәлім.

Президент тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құруды тапсырды. 1997 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленгенін еске салды. «Кеңес заманында өмір сүрген халықтарға «үлкен террордың» орасан зор қасірет әкелгені есімізде. Зұлмат жылдарда Қазақстанға КСРО-ның түкпір-түкпірінен бес миллионнан астам адам жер аударылды. 100 мыңға жуық азаматымыз қуғын-сүргінге ұшырап, соның 20 мыңнан астамы атылды» деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Жазықсыз жазаланғандардың қатарында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхамеджан Тынышбаев, Міржақып Дулатұлы, Тұрар Рысқұлов, Мағжан Жұма-

баев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Санжар Асфендияров сияқты көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, басқа да ұлт зиялылары бар.

«Біз жазықсыз жазаланғандардың әрқайсысын есте сақтау арқылы ғана кемел келешекке жол ашамыз. Болашақтың берік негізі тәуелсіздіктен бастау алады. Өткен ғасырдағы ең қилы кезеңнің бірінде жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым ету – баршамыздың перзенттік борышымыз» деп түйді Президент.

«Жапай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңда Қазақстанда орын алған саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі санаттары қамтылмаған және ақталмаған. Атап айтқанда, онда мемлекеттік қудалау мен қуғын-сүргін құрбандарының саны жөнінен ең көп және жазалану мерзімі жөнінен ұзақ (үш жүз

жылға жуық) санаты – Қазақстанның азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күресушілер туралы бірде-бір сөз айтылмаған. Бұл олқылықты жоғарыда айтылған уәждер мен негіздер бойынша «Қазақстанның азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрескендер туралы» заң қабылдау жолымен жою қажет.

ҚР Жоғарғы Кеңесінің аталған екі комиссиясының жұмыс нәтижелері мен тиімділігін бағалау қиын, өйткені олардың есептері жұртшылыққа белгілі емес. Ғалымдардың, тарихшылар мен сарапшылардың пікірінше, «Жапай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңның қабылдауына байланысты құрылған бұл комиссиялар өз бетінше ешқандай жұмыс жүргізбей, құқық қорғау, сот органдарынан ақпарат сұратумен ғана шектелген. Ғалымдардың айтуынша, дәл осы себеп бойынша Қазақстанда

әлі күнге дейін 1917-1986 жылдар аралығында орын алған саяси қуғын-сүргін құрбандарының көптеген санаттары ақталмай отыр.

Мысалы, 2013 жылы прокуратура органдары қолданыстағы заңға сүйене отырып, ОГПУ-НКВД-ның ойдан шығарылған «шпион», «диверсант», «бандылық құралымның қатысушысы» деген айыптауларымен сотталған 5846 адамды ақтаудан бас тартқан. Ал олар – 1920-30 жылдары негізінен 58-сталиндік бап бойынша үкім шығарылып, жазаға кесілген қаһармандардың бір бөлігі ғана. Ажал құшқан қаһармандарымыздың басым көпшілігіне үкім шығарылмаған да. Оларды патшалық жазалау отрядтары, казактардың әскерлендірілген құралымдары, қызыл әскерлер, ОГПУ-НКВД-КГБ отрядтары ұлт-азаттық күресті басып-жаншу барысында ешқандай тергеусіз және сотсыз өлтірген. Оларды өз бостандығын, атажұртың қорғағаны үшін ғана сол жерде атып тастаған. Мыңдаған осындай патриоттарды Қазақстаннан қуып кетірді, діни сенімі үшін қудалады, кітаптарын жағып жіберді, олардың ғылыми еңбектері мен туындыларын «жау ниетте» деп таныды, олардың ізіне түсіп, қызметтен қуды, мемлекеттік (партиялық) органдарда жұмыс істеуіне тыйым салды.

Қорыта келе, осы айтылғандарды негізге ала отырып, Президентің алғашқы Жолдауын іске асыру және Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындалу, сондай-ақ қазіргі Президентің бағдарламалық сөздерінде мәлімделген әділдік қағидатын іске асыру шеңберінде мыналарды ұсынамын:

1. Қазақстанның азаттығы, тәуелсіздігі және жерінің тұтастығы үшін күресіп, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған құрбандардың барлық санаттарын кешенді түрде зерттеу бойынша комиссия құрылсын. Оның құрамына «тойқұмар шен иелері» емес, осы тақырыпты зерттеп жүрген отандық және шетелдік білікті ғалымдар, өлкетанушылар мен мамандар енгізілсін, сондай-ақ оларға барлық қазақстандық және шетелдік архивтерді жан-жақты зерттеу мүмкіндігі берілсін.

2. Ел Президентінің архивтерді құпиясыздандыру және «жабық» тақырыптарды ашу мәселелері жөніндегі Жарлығымен арнаулы Мемлекеттік комиссия құрып, оның құрамына осы мәселелермен кәсіби түрде айналысып жүрген мамандар (тарихшылар, заңгерлер, саясаттанушылар, өлкетанушылар және басқалар) енгізілсін, бұл комиссияға кездескен проблемаларды шешу, оларды өркениетті жолмен және мемлекеттік тұрғыдан шешу жөнінде өзінің нақты ұсыныстарын енгізу өкілеттігі берілсін. Комиссия Қазақстанда қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың кейбір санаттары туралы құжаттардың болмау себептерін анықтап, арнаулы қызметтердің саяси қуғын-сүргін жөніндегі құпия материалдарды елден әкетуі және жоюы жөніндегі ақпаратты тексеруі керек.

3. Мемлекеттік архив пен Президент архивінде «Қазақстанның азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрес (күресушілер)» деген жеке қор ашылып (себебі оларды арнаулы қызметтердің архивінде қалдыруға болмайды), сол жерге аталған тақырып бойынша Қазақстанның барлық өңірлерінен, алыс және әсіресе, жақын шетелден төлнұсқа құжаттар (олардың көшірмелері) жиналсын және осында сақталсын. Бүгінде бұл материалдар әлемнің әртүрлі елдерінде, әртүрлі қорларда, архивтерде жатыр және біздің ғалымдарымыз бен зерттеушілерімізде оларды жинап, қорытуға мүмкіндік те, ресурс та жоқ.

4. Қазақстанның азаттығы, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы үшін күрес тарихын зерттеу бойынша ұлттық ғылыми-зерттеу институты ашылсын. Бұл проблеманы жоңғар басқыншыларына қарсы Ұлы Отан соғысынан, бұрынғы режимдердің отаршыл және тоталитарлық саясаты салдарынан атажұртын тастап кетуге мәжбүр болған отандастарымыздың тағдырынан бастап қазақ жастарының Желтоқсан көтерілісіне (1986 жылғы) дейін кешенді және жүйелі түрде зерттеу үшін осындай ғылыми орталық қажет.

С.ҚАСЫМОВ,
«Қаһармандар» республикалық қоғамдық қорының президенті, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, заң ғылымдарының кандидаты

БАЛАЛАР ҮШ АЙ ҮЙДЕ ОТЫРА МА?

» Балалардың биылғы үш ай демалысы қалай өтеді? Екі ай бойы қашықтан оқыған балалар 3 ай жазғы демалысын үйде өткізе ме? Эпидемиологиялық ахуалға байланысты қазір жазғы лагерьлердің жұмысы тоқтап тұр. Бұған ата-аналар балалар ең ұзақ демалысын үйде өткізе ме деп алаңдаушылық танытып отыр.

Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны Әсемгүл Ахметованың 4 баласы бар. Олардың төртеуі де екі ай бойы үйден шықпай, оқу жылын онлайн оқып бітірді. Енді, міне, жазғы демалыс та үй ауласында өтетін сияқты. Балаларының демалысына алаңдаған Әсемгүл жазғы лагерьлердің ашылуын қалайды. «Қала ішінде 10-15 күндік лагерьлер ашылса екен. Балаларға қиын болды. Мен қала сыртында тұрамын. Ауладағы ойын алаңы – 80 шаршы метр, өте кішкентай» деді Әсемгүл.

Керісінше, баласының жазғы лагерьге баруына қарсы ата-аналар да бар. Өйткені көбі қазіргі жағдайда балаларын тәрбиешілерге сеніп тапсыра алмайды.

Әсем Дәулетбайқызы балалар жазғы демалысты ата-әжесінің қасында өткізу үшін ауылға жіберемін деп отыр. Бірақ оған карантин кедергі. «Менің ойымша, балаларды ауылға ата-әжесіне жіберген дұрыс. Себебі ауылда қауіпсіз. Сенімді жандардың қарауында болады. Ал қалада балалардың үй ауласында емін-еркін ойнауының өзі қауіпті деп ойлаймын» дейді елорда тұрғыны Әсем Дәулетбайқызы.

Айта кету керек, қала әкімі Алтай Көлгінов арнайы брифингте жазғы лагерьлер әзірге ашылмайтынын айтқан еді. «Жазғы лагерьлердің жұмысын да әзірше қайта жандандырмаймыз. Бұл мәселеге де эпидемиоло-



гиялық ахуалға байланысты біраз уақыттан кейін қайтып оралатын боламыз» деді қала басшысы.

Қала ішіндегі оқушыларға арналған лагерьлердің жұмысы

тоқтағанмен, қала сыртындағы демалу-сауықтыру орындары ашылуы мүмкін. Әкімдік арнайы қаулының шыққанын күтіп отырғанын айтты. «Биылғы жағдайға


байланысты мектептердегі жазғы лагерьлер жұмыс істемейді. Дегенмен қала сыртында төрт лагерь бар. Қазіргі таңда бас санитарлық дәрігердің қаулысын күтіп отырмыз. Оң шешімін берсе, қала сыртындағы лагерьлер ашылуы мүмкін. Лагерьлерге көпбалалы, мүмкіндігі шектеулі, аз қамтылған отбасылардың балалары – тегін, ал қарапайым отбасылардың балалары ақылы түрде қатыса алады. Биыл 2000-нан астам баланы қарсы алуды жоспарлап отырмыз» деп түсіндірді Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының баспасөз хатшысы Алтынай Зарлыққызы.

Сондай-ақ жазғы маусымда балалардың бос уақытын тиімді өткізу үшін арнайы бағдарлама жоспарлануда. Міндетті түрде тегін онлайн шеберлік сабақтары, байқаулар, түрлі челленждер мен шаралар ұйымдастырылатын болады.

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ,
Қаржы академиясының студенті



@NurSultanNewsBot | t.me/dainfo



БОС ЖҰМЫС

ОРЫНДАРЫ

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ АЯСЫНДА ЖҰМЫСҚА ҚАЛАЙ ОРНАЛАСУҒА БОЛАДЫ?

Бүгін біз «Керек кеңес» айдарында ЖҚЖК аясында жұмысқа қалай орналасуға болатынын білу үшін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жұмыспен қамту орталығына жүгіндік.

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

- Жеке күәлік;
- Еңбек кітапшасы (бар болған жағдайда);
- Білімі, біліктілігі арнайы білімі немесе кәсіптік даярлығы туралы құжат (бар болған жағдайда).

ҚЫЗМЕТТІ ОНЛАЙН ЖӘНЕ ОФЛАЙН АЛУҒА БОЛАДЫ

1 ҚЫЗМЕТТІ ОНЛАЙН АЛУ ҮШІН:

1. WWW.CZ.ASTANA.KZ САЙТЫНА КІРІП ЖҚЖК 2020 БӨЛІМІНІҢ ІШІНДЕ ЛАЙЫҚТЫ БОС ОРНЫН ТАҢДАУ КЕРЕК.
2. WWW.EGOV.KZ САЙТЫНА КІРІП ЖҰМЫС ІЗДЕУШІ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ТІРКЕЛУ ЖӘНЕ ӘҢГІМЕЛЕСУГЕ ЖОЛДАМА АЛУ ӨТІНІМ БЕРУ ҚАЖЕТ.

2 ҚЫЗМЕТТІ ОФЛАЙН АЛУ ҮШІН:

- SMART ASTANA МОБИЛЬДІ ҚОЛТАҢБАСЫН АШУ;
- «ҚАЛАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР» БӨЛІМІНДЕ «ОНЛАЙН ЖАЗБАНЫ» ТАҢДАУ;
- ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ҚЫЗМЕТІН, БАРУ КҮНІ МЕН УАҚЫТЫН ТАҢДАУ.



Броньдау уақытына сәйкес Жұмыспен қамту орталығына барғанда сізге лайықты бос жұмыс орнын таңдауға және әңгімелесуге жолдама алу үшін жұмыс іздеуші тұлға ретінде тіркеуден өтуге көмектеседі.

Егер жұмыс іздеп жүрген адамға халықты жұмыспен қамту орталығына өтініш білдірген күннен бастап он жұмыс күні ішінде лайықты жұмыс таңдалмаса, ол жұмыссыз ретінде тіркеле алады.

ЖҰМЫССЫЗДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БАР:

- 1) халықты жұмыспен қамту орталығынан тегін алуға:
 - консультациялық және ақпараттық қызметтерді;
 - лайықты жұмыс іздестіру бойынша қызметтерді;
 - мемлекетпен қаржыландырылатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына жолдамаларды;
 - әлеуметтік кәсіптік бағдарлау бойынша қызметтерді;
 - еңбек нарығының біртұтас ақпараттық базасында қамтылған өзі туралы мәліметтерді алуға;
- 2) егер ол міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болып табылса, жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер алуға;
- 3) атаулы әлеуметтік көмекке;
- 4) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырылуға.

Жадыра МҰРАТБЕКОВА



Лифт электромеханигі – еңбекақы 110 000 бастап 200 000 теңгеге дейін
Талаптар: мамандық бойынша 2 жыл жұмыс өтілімі, арнайы білімі мен дағдыларының болуы.
Байланыс деректері: nadin1050@mail.ru +7 (701) 081 13 07 +7 (775) 110 15 58

Жол жұмысшысы – еңбекақы 150 000 теңгеден бастап
Талаптар: мамандық бойынша жұмыс өтілі қажет емес, орыс тілін жоғары деңгейде білуі, арнайы білімі мен дағдыларының болуы.
Байланыс деректері: d.sergazina@askommet.kz +7 (717) 255 21 79 +7 (777) 770 00 34

Санитар (жалпы бейін) – еңбекақы 60 000 теңгеден бастап
Талаптар: мамандық бойынша жұмыс өтілі қажет емес, білімі ортадан кейін.
Байланыс деректері: onko.ok@mail.ru/ +7 (701) 254 19 41 +7 (701) 451 06 09

Дәрігер-психиатр – еңбекақы 125 000 теңгеден бастап
Талаптар: мамандық бойынша 1 жыл жұмыс өтілі, білім деңгейі жоғары, арнайы дағдыларының болуы.
Байланыс деректері: narkokon@mail.ru/ +7 (717) 233 17 71

Электромонтер – еңбекақы 150 000 бастап
Талаптар: техникалық және кәсіби білімді, жұмыс өтілі қажет емес.
Байланыс деректері: koorservis@mail.ru/ +7 (717) 224 90 42 +7 (707) 418 71 53

Жаттықтырушы, банкер – еңбекақы 50 000 теңгеден бастап
Талаптар: мамандық бойынша 3 жыл жұмыс өтілі, жоғары білімді, командада жұмыс істей білу.
Байланыс деректері: dussha3@mail.ru/ +7 (717) 257 42 46 +7 (775) 520 15 89

Ұялы қосымшаларды әзірлеуші – еңбекақы 500 000 теңгеден бастап
Талаптар: мамандық бойынша 5 жыл жұмыс өтілі, білім деңгейі жоғары, MVC, MVP, MVVM.; Kotlin/Java; Верстка UI қолдану дағдыларын білу.
Байланыс деректері: d.kakabayeva@kazautozhol.kz/ +7 (717) 264 87 36 +7 (702) 403 23 03

Ғимарат күзетшісі – еңбекақы 85 000 теңгеден бастап
Талаптар: техникалық және кәсіби білімді, 1 жыл жұмыс өтілінің болуы.
Байланыс деректері: centrdestyk@mail.ru/ +7 (717) 264 78 90 +7 (701) 495 57 77



» Саяси ғылымдар докторы, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты Зұлпыхар ҒАЙЫПОВ «Елорда ақпарат» тілшісіне сұхбат берді.

ЖАҢА ҒАСЫРДЫҢ ЖАСАМПАЗ ҚАЛАСЫ

– Зұлпыхар Сұлтанұлы, әңгіменің әлқиссасын Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың елорданы өркендетуге қосқан үлесінен бастасақ.

– Елорда – Елбасының тұңғышы. Елдің, халықтың игілігі үшін Елбасы атқарған ұшан-теңіз іс-шаралардың ішінде елорданы көшіру, жаңадан салу, өркендету бағытындағы елеулі еңбегіне қаншама ұрпақтар лайықты бағасын берері сөзсіз. Елбасының ерік-жігерімен жүзеге асырылған жобасы – Нұр-Сұлтан қаласы қазір айдай өлемге танылған өркеніетті қалалардың біріне айналды. Елорда – елдігіміз бен тәуелсіздігіміздің тірегі, тұңғыры. Бұл – жаңа ғасырдың, жасампаздық қаласы. Ел, мемлекет үшін үлкен саясат жасалып, тарихи оқиғалар өтіп жатқан қалада тұрудың өзі зор бақыт деп санаймын. Елбасының елорданы дамытуға қосқан үлесін бір сөзбен, бір сұхбатпен жеткізу мүмкін емес. Бұл ұрпақтар еншісіндегі ұлы іс деп ойлаймын.

– Әңгіменің әлқиссасын бірден қаланың қордаланған мәселелерінен бастасақ. Талай жылдан бері өзектілігін жоғалтпаған үлескерлер жайы туралы не айтасыз? Олардың мәселесі қалай шешіліп жатыр?

– Елордамыз 22 жыл ішінде талай белесті бағындыр-



Расымен де қазіргі әкім халықтың үніне құлақ асатын басшы. Қандай мәселе болса да, тұрғындардың ортасынан табылады. Жалпы, қала басшысы көптеген мәселелердің ішінен ең өзектісін анықтап алып, алдымен соны шешетінін көрсетті. Іскерлігімен, қарапайымдылығымен, халықтың үніне құлақ асатын басшы ретінде ол қала тұрғындарының шынайы сеніміне ие болды

ды. Саммит, халықаралық «ЭКСПО» көрмесі сынды әлемдік деңгейдегі шаралар өтті. Сириядағы жағдайды талқылауды әлем елдерінің өкілдері Астана алаңында бас қосты. Осының бәрі – еліміз үшін үлкен жетістік. Тағы бір ең үлкен жетістік – ол астанамызды өзіміздің таңдауымыз. Мысалы, бұған дейінгі ел астанасы Қызылорда, Алматы қалалары өз таңдауымызбен болған жоқ. Бүгінде Нұр-Сұлтан – аяққа нық тұрып, қарыштап дамып келе жатқан болашағы зор қала, жастардың қаласы. Дегенмен қаланың мәселелері де жоқ емес. Солардың бірі – үлескерлер мәселесі.

Жалпы, үлескерлер мәселесінің туындауының себебі бұған дейін олардың құқтарын реттеу механизмі болған жоқ. Сол себепті де құрылыс нарығына әртүрлі компаниялар келді. Соның салдарынан кейбірі банкротқа ұшырады, басқа да жағдайлар орын алып, біршама тұрғын үйдің құрылысы орта жолдан тоқтап қалды. Қаншама мың үлескер жиған-тергенінен айырылып, пәтеріне қол жеткізе алмады. Алайда қаланың қазіргі басшылығы осы мәселені айналасы 3-4 жылдың ішінде «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында шешуді жоспарлап отыр. Яғни осы бағдарлама бойынша мемлекеттен 40 миллиард теңге қаржы бөлінді. Оның 6,5 миллиард теңгесі 2019

жылы игерілді. Нақтырақ айтқанда, былтыр 10 тұрғын үйдің құрылысы аяқталса, биыл 20-ға жуық тұрғын үй, ал 2021 жылы – 7, 2022 жылы – 9, 2023 жылы 4 нысан пайдалануға беріледі деп күтілуде. Осылайша, үлескерлердің талай жылдан бергі мәселесі біртіндеп өз шешімін тауып жатыр.

– Ал алдағы уақытта осындай жағдай, яғни енді инвестиция сала бастаған үлескерлердің мәселесі тағы да туындамас үшін соның алдын алу жұмыстары жүргізіле ме?

– Орынды сұрақ. Қазіргі уақытта кез келген құрылыс компаниясы белгілі бір капиталдарын сақтандырады. Бұған Үкімет те үлескер ретінде қатыса алады. Жалпы, қаланың жаңа басшылығының қолға алуымен осы салада талап күшейтілді. Яғни бұрынғыдай кез келген бей-берекет құрылыс компаниясы тұрғын үй салу ісіне араласа алмайды. Салада жүйе қалыптасты. Біз белгілі бір деңгейде қателік жасап, ол деңгейден өттік.

– Шеткі аймақтардың дамуына қаншалықты көңіл бөлініп жатыр? «Шеткі аймақсыз қала» идеясы қалай жүзеге асырылуда?

– Қателеспесем, 2010-2015 жылдары Шеткі аймақтарды дамыту туралы арнайы бағдарлама қабылданған болатын. Бірақ бұл бағдарлама өз деңгейінде орындалған жоқ. Содан кейін де шеткі

аймақтарда бірқатар мәселе пайда болды.

Жалпы, қаланың шеткі аймақтарында 16 тұрғын алап бар болса, онда 300 мыңға жуық адам тұрады. Бұл дегеніміз – астаналықтардың 25 пайызы шеткі аймақтарда тұрады деген сөз. Nur Otan партиясының 18-съезінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев құзырлы органдарға елорданың шеткі аймақтарын дамытуды қатаң тапсырды. Бұл мәселе Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың да жіті бақылауында тұр. Мәселен, былтыр Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Нұр-Сұлтан қаласын кешенді дамыту жөніндегі мәжілісте Үкімет басшысы Асқар Мамин елорданың шеткі аймақтарын дамыту үшін 3 жылдық бағдарлама бойынша 20 миллиард теңге қаржының бөлінетінін айтты. Егер бұл жоба сәтпен жүзеге асса, біршама мәселе шешіледі. Қазіргі уақытта шеткі аймақтарда жол, инженерлік инфрақұрылым, көріз жүйесі, жарықтандыру, ауызсумен қамту мәселелері бар. Сонымен қатар адамның қалыптасу өмір сүруіне қажетті кітапхана, мәдениет ошақтары сынды әлеуметтік нысандар орталықта орналасқандықтан, шеткі аймақтар бұл жағынан шет қалып жатыр. Алайда қаланың барлық аймағы бірдей дамуы керек. Бұл тұрғыда

ілімді істер атқарылып жатыр. Менің округіме, яғни №9 округке қарасты Сарыарқа ауданындағы «Көктал-1», «Көктал-2» тұрғын алаптарында 20 мыңға жуық адам тұрады. Онда талай жылғы мәселелер біртіндеп шешіліп жатыр. Мысалы, үлкен аллея, медициналық орталық ашылды. Былтыр «Көктал-2» тұрғын алабының жолдарына асфальт төселді. Биыл 4 көшені жөндеу жүргізу жоспарланып отыр.

– Сонда «Көктал» тұрғын алабының тұрғындарын қазіргі уақытта тек түгін мәселесі ғана толғандыра ма? Газдандыру жобасы қала тұрғындарына қандай импульс береді деп ойлайсыз?

– Газификацияның елордалықтар үшін пайдасы зор. Біріншіден, қала экологиясына тиімді болса, екіншіден экономикаға да пайдалы. Содан соң қала тұрғындарының жүйке жүйесін де едәуір салмақтан арылтады. Мысалы, жылыту маусымы басталған уақытта көмір сатып алу үшін кезекте тұрғандар арасында белгілі бір мөлшерде дүрлігу болады. Ал үйіне газ тартылған уақытта мұндай мәселе болмайды. Өздеріңіз білесіздер, Нұр-Сұлтан қаласына газ тарту процесі жүріп жатыр. Ол кезек-кезең бойынша жүргізіледі. Алдымен газ «Көктал-1», «Көктал-2» және «Оңтүстік-Шығыс», «Теміржолшылар» тұрғын алабына, одан кейін «Үркер», «Шұбар», «Өндіріс» тұрғын алаптарына тартылады. 2025 жылға дейін қаланың барлық бөлігі газбен қамтылады.

– Сізге қаладағы қанша ауланың жөнделетіні, қанша шақырым жолдың жасалатыны туралы нақты



АЛҒАШҚЫ ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ МУЗЕЙ

Бүгінгі күні музейде 21680 жәдігер, 14692 кітап қоры жинақталған. 80 жылда музей «Бас музей» «Ахмет-Риза мешіт-медресесі», «Алаш арыстары – М.Әуезов музей-үйі» (Семей қаласында), «М.Әуезов музей-үйі» (Беріліде), «Абай музей-үйі» және «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені, «Шәкәрімнің саят қора экспозициясы» (Жидебайда), «Көкбай Жанатайұлының музейі» (Тақырда), «Шәкір Әбенұлының музей-үйі» (Құндыздыда), «Әсет Найманбайұлының әдеби музейі» (Мақаншыда) бөлімдері, 16 га қорық аумағы бар кешенге айналған. Қазақстандағы алғашқы әдеби музейдің Семей топырағында ашылуына кімдер себеп болды деген сұрақ әркімді мазалары хақ. Музейдің құрылу тарихын тереңдеп қарастырайық.

Музей тарихы 1939 жылы 19 желтоқсанда «Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 95 жыл толу мерейтойын өткізу жөніндегі» Семей қаласында болған комиссия отырысынан бастау алады. Жиналыс А.Ақшаловтың төрағалығымен, комиссия мүшелері: Ә.Жиреншин, Н.Баймұратов, Ә.Ысқақұлы, ұйымдастыру комитетінің жауапты хатшысы П.Мионов қатысуымен өтеді. Жиын барысында Ә.Жиреншин әзірлеген «Семей қаласындағы Абай үйін ұстау және ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 95-жылдық мерейтойын өткізу шығындары туралы сметаға түсіндірме хатын» ұсынады. Түсіндірме хатта және жоспарда Абай музей-үйін қажетті жабдықтар мен әдебиеттер, экспонаттар және архивтік-фотосуреттік материалдармен қамтамасыз ету жайы айтылады. Комиссия мүшелері Абайдың үйі ұлы жазушының әдеби мұраларын жинақтау және сақтау орталығы болуы қажет деп есептеп, музейді жабдықтауға кететін қаржы есебі, яғни Абайға тиесілі заттарды алуға, Абай оқыған орыс және әлемдік классиктер мен ғалымдарының кітаптарын алуға жұмсалатын қаражат қарастырылған. Музей ашылған кезде жұмысшылар, ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге, жазушылар мен қала қонақтарына үнемі кеңес беріп отыратын штат мәселелерін қарастыруды жөн деп санайды. Сонымен қатар 95-жылдық мерейтойды өткізу жоспарында Шыңғыстау ауданында (қазіргі Абай ауданы) Абай-

» 2020 жылы 80 жылдық мерейтойын өткізетін Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі әлем таныған ақын Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі мен шығармашалығын және туыстық ортасы, ақындық айналасы, зерттеуші ғалым, кемеңгер жазушы М.Әуезов, Алаш арыстары туралы зерттеп, насихаттап келеді.



Бүгінгі күні музейде 21680 жәдігер, 14692 кітап қоры жинақталған. 80 жылда музей «Бас музей» «Ахмет-Риза мешіт-медресесі», «Алаш арыстары – М.Әуезов музей-үйі» (Семей қаласында), «М.Әуезов музей-үйі» (Беріліде), «Абай музей-үйі» және «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешені, «Шәкәрімнің саят қора экспозициясы» (Жидебайда), «Көкбай Жанатайұлының музейі» (Тақырда), «Шәкір Әбенұлының музей-үйі» (Құндыздыда), «Әсет Найманбайұлының әдеби музейі» (Мақаншыда) бөлімдері, 16 га қорық аумағы бар кешенге айналған

дың зиратын жөндеп мемориалдық тақта орнату, Абайдың өмірі мен шәкірттері: Мағауия, Ақылбай, Әубәкір, Көкбайға және тағы басқа да материалдарды ғылыми тұрғыда қарастырып, жинақ шығару, Семей қаласының мектептері мен мекемелерде баяндамалар, лекциялар өткізуді жоспарлаған. Абай үйінде жинақталған жаңа архивтік материалдар мен фотосуреттерді қою және жинақтау Мұхтар Әуезовке, Әбусағит Жиреншинге, Әрхам Ысқақұлына жүктелді. Бұл жиналыс нәтижесінде «Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың

туғанына 95 жыл толу мерейтойына дайындық және өткізу жоспарын» бекітіп, Абайдың ескерткіші 1942 жылы орнатылу керек деп есептейді. Ә.Жиреншин, Н.Құрманбаев жолдастарға Абайдың мерейтойын өткізуге қатысты шығындар сметасын толықтырып жасау жүктеледі де: «Просит план проведения юбилея Абая утвердить не позднее 20/ХІІ. 39 года и предоставить в СНК Каз ССР» деген қаулы шығарады (№1 хаттама, 19.12.1939 ж. Іс №3).

1939 жылы 20 желтоқсандағы Семей облысы бойынша Қаз.ССР-нің Жоғарғы

Кеңес Президиумының ұйымдастыру комитетінің 274-қаулысы бойынша «Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 95 жыл толу мерейтойына дайындық және өткізу жоспарын бекіту» туралы ұсыныстары бекітіледі. Семей қалалық кеңесіне Абай көшесі, 83 мекенжайындағы үйді 1940 жылдың 15 қаңтарына дейін босатуды және қажетті жөндеу жұмыстарын жүргізуді міндеттейді. Осы шараларды өткізуге ҚазССР Халық Комиссарлар кеңесінен 110 000 рубль бөлуді өтінеді (№274 қаулы, 20.12.1939 ж. Іс №3). Яғни

Абай көшесі, 83 Бекбай Бәйісовтың үйі - Абайдың Семейге келгенде түсіп жүретін үйлердің бірі болатын.

1939 жылы 20 желтоқсанда Семей облысы бойынша Қаз.ССР-нің Жоғарғы Кеңес Президиумының ұйымдастыру комитетінің «Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 95 жыл толу мерейтойына дайындық және өткізу құрамы қажетті жөндеу жұмыстарын жүргізуді міндеттейді. Осы шараларды өткізуге ҚазССР Халық Комиссарлар кеңесінен 110 000 рубль бөлуді өтінеді (№274 қаулы, 20.12.1939 ж. Іс №3). Яғни

Абай көшесі, 83 Бекбай Бәйісовтың үйі - Абайдың Семейге келгенде түсіп жүретін үйлердің бірі болатын. 1939 жылы 20 желтоқсанда Семей облысы бойынша Қаз.ССР-нің Жоғарғы Кеңес Президиумының ұйымдастыру комитетінің «Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 95 жыл толу мерейтойына дайындық және өткізу құрамы қажетті жөндеу жұмыстарын жүргізуді міндеттейді. Осы шараларды өткізуге ҚазССР Халық Комиссарлар кеңесінен 110 000 рубль бөлуді өтінеді (№274 қаулы, 20.12.1939 ж. Іс №3). Яғни



» Мәді қажы – Дуана қожаның баласы Бақмұхаммедтен туған немересі Жалаңаяқ әздердің қазақ тарихынан алатын орны ерекше. Мұның бірден-бір себебі – оның атақты Абылай ханның үзеңгілес досы, өмір бойы сыйынып өткен қолдаушы пірі болғандығында. Бұл туралы ханның тікелей ұрпағы, шөпшегі, белгілі ақын Шәдітөре Жәңгірұлының (1855-1933 жж.), Абайдың шәкірті Көкбай Жанатайұлының (1861-1925 жж.), шығыстанушы Шоқан Уәлихановтың (1835-1865 жж.), ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың (1893-1920 жж.), халық мұрасын жинауда алдына жан салмаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының (1858-1932 жж.) және ел аузында сақталып қалған көптеген аңыз-әңгімелер мен бірнеше тарихи жазба деректерде баяндалған.

Осы жәдігерлердің арқасында Жалаңаяқ әздердің бейнесін тереңінен зерттеп, жан-жақты талдап шығуға толық мүмкіндік пайда болды. Мысалы, Шәдітөренің «Тарихат» дастанында Жалаңаяқ әздердің Абылай ханды туғанынан бастап, дүниеден өткенінше желеп-жебеуші пірі болғаны қайта-қайта айтылып отырады. Жыр басында ақын көріпкел әулиенің ханға өзін таныстырғанда:


Дүниеге шыр-шыр етіп
келген соң сен,
Өзінді желеп-жебеп жүруші

ем мен,
Атымды Жалаңаяқ әздур дейді,
Шілтендер бұл қызметті маған берген, – деп жазып келтірсе, одан кейінгі тарауларда да барынша әспеттеп сипаттаудан еш таймайды.

Мысалы, батырларды жекпе-жекке шығарарда Табын руының Серке батырын «Қолдаушың Жалаңаяқ пірім болсын, Бар! – деді Абылай сонда бетін басып», найманның Әлібек батырын «Дұғаға қол көтеріп Абылай хан, ...Майданға баруына рұқсат берді, Берсін деп Жалаңаяқ пірім жәрдем...» – деп жауға қарсы аттандырады. Шәдітөре әулиенің ханға көрсеткен көмектерін тек мұнымен шектеп қоймастан, қайта оның өзін де соғыс барысына араластырып жырлап отырады.

Ол әрекеттерін бір жерде:
«Майданға диуана да әр күн
барып,
Бір шетте отырады демін алып,

АБЫЛАЙХАННЫҢ ПІРІ – ЖАЛАҢАЯҚ ӘУЛИЕ КІМ?



Жалаңаяқ әздер кесенесі

Абылай әулие деп пірге есептеп,
Сыйнып тұрушы еді жалбарынып...» – деп сипаттаса, одан ары, қырғызбен соғыстың ең шиеленіскен тұсында:

«...Алдына Абылайдың
пірі келіп,
Сөйледі мына түрлі хабар беріп:
«Мен саған, қолың көтер,
бата берем,
Жауыңды қашырарсың,
бүгін жеңіп».

Соны айтты, өз ұртына қолын салды,
«Аттым деп бір мәртебе...
тфу!» – деп қалды.

«...Пірінің хан есітіп айтқан
сөзін,
Толтырып қуанғаннан
жасқа көзін,
Орнынан ұстап тұрған
туын қозғап

Халыққа биігірек көрсетті өзін» – деген жолдармен толықтыра түседі.

Абылай хан мен Жалаңаяқ әздер туралы Көкбай Жанатайұлының «Сабалақ» дастанында да осы сарында әңгіме өрбиді. Онда:

«Сол күнде... Жалаңаяқ әздер деген диуана Созақта жүреді екен. Абылайдың әскері көз алдында оққа ұшырап қалғанда:

– Жалаңаяқ, бұрын олай жүрсем, былай жүрсем мынау Түркістанда Әмір Темір жасатқан ақ күмбездің иесі – Әзіреті Сұлтан ғой деп, соған сыйынып жүруші едім. Бұрынғының «Өлінің мыңына сыйынғанша, тірінің біріне сыйын», «Мың өліден – бір тірі» деген сөзі бар еді. Көрсет кереметінді, – дегенде, Жалаңаяқ әздер: – Қырғыз Сәдір-бала балам ғой, – депті.

– Болмас, болмас. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деп еді, – деп Жалаңаяқ әздер... оң саусақтағы сұқ қолын ұртына тығып, қырғызға қарап үш атыпты:

– Ал, шаба бер, бөлемнің өзіне бықбырт тиді, – депті.

Қырғыз бықбырт, топалаң тиген қойдай ұйлығып қаша беріпті де, қазақ көтінен қуып, Қарабалта Соқылықтың асуына жеткізбей көбін қырыпты...» – деп баяндалады.

Осы қырғызбен болған соғыс Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 1916 жылы «Қазақ» газетіне жарияланған «Жалаңаш баба» деген аңызында да қайталанады. Оның ішінде де Жалаңаяқ әздер туралы таңғаларлық сөздер келтіріледі.

«Абылай қырғыздан өш алуға қол жиып аттанбақ болады. Абылайдың жалаңаш жүргендіктен, Жалаңаш баба атанған бір диуанасы бар екен: ұрысқа аттанарда һәр уақыт сонан бата алып, соның рұқсатымен аттанады екен. Бұ жолы Жалаңаш баба Абылайдың бата сұрауын біліп қашыпты. Абылай одан бата алмай жүр-

...Сонда Таманың бір батыры: – Бір жалаңаш сарттың тіліне еріп оққа иіріліп тұрып қырыламыз ба? – деп атын екпіндетіп, Абылайға таман келе берген кезде аты тулап жығып, ортан жілігі үзіліпті.

Қоралас ұлы кеткен соң Әтеке: – Бітімге келсек келейік. Сүйенген пірі күшті екен, жорта антты бізге аударғалы тұр екен – дегенде, Нәдір бала болмапты. Болмаған соң Әтеке өкпелеп екі мыңдай кісімен бөлініп еліне кетіпті. Сол арада сәске болып қалды. Жалаңаш баба жерден бір уыс топырақты алып, жауға қарай шашып, «Ал, енді шабыңдар!» – дейді.

Қу адасқан тұман, құлан адасқан шаң болып ат бауырынан қарақан аққан соғыс болады. Ақыры Жайлыханды сегіз ұлымен қабат ұстап алады.

Шоқан Уәлихановтың мұрасынан табылған «Абылай туралы жыр» атты шағын, қара сөзбен жазылған қолжазба беттерінде де Абылай ханның қырғызға жасаған осы жорығы өз сипатын алған. Тек мұнда Жауғаш батырдың іс-әрекеттері әңгімеге арқау болған. Оқиға соңында атақты хан өзінің піріне бұрылып: «Жалаңаш қажым сен болсаң» деп жауға шабуыл жасауға шақырады да, Жалаңаяқ әздер «Аттым!» деген соң, «Аллалап Абылай шанышқан күн, «Қоқилад» қырғыз қашқан күн, Қазақты дәулет басқан күн, Қырғыздан әруақ қашқан күн» – деп хан жағаласқан жауын ойсырата жеңіп шыға келеді.

Жалаңаяқ әздердің әулиелігі тек қырғыздармен соғыспен ғана шектеліп қоймайды. Оны Көкбай Жанатайұлының «Сабалақ» дастанындағы қысқа да болса нұсқа боларлық мына төрт жол растайды: *Тіпті жоқ ол уақытта қожя, молда, Ер қаруы бес қару тегіс қолда. Жалаңаяқ Әздер мен Нияз қожя Кереметпен көрініп шыққан сонда.*

Кейбірде қазақ ішінде әлдебір тарихи тұлғаның үлкен әулиелердің қатарына жатқан-жатпағанын бақсылардың зікір салуларынан да анықтап алуға болады. Мысалы, ондай сарындарда «Түркістанда бар – түмен баб, Сайрамда бар – сансыз баб», «Ойда отырған отыз қожа, қырда отырған қырық қожа» деген сөз байламдары жиі ұшырасады. Сондай көп сарынның бірінде Жалаңаяқ әздердің де есімі жебеп-жебеуші пір ретінде келтірілген екен. Мұны орыстың атақты түркітанушы ғалымы В.В.Радловтың 1870 жылы Санкт-Петербург қаласында жарық көрген «Тюркские наречья, живущих в Южной Сибири и Дзюнгарской степи» көптомдығының 1-бөлімі «Образцы народной литературы – III часть» кітабында «Бақсының сөзі» деген айдармен берілген өлеңінен оқуға болады. Онда: «Ханда – Абылай, қарада – Қазыбек, Жалаңаяқ өзін диуана жырық» деген екі жол бар екен.

Ералы ОСПАҢҰЛЫ
(Жалғасы бар).



Кейбірде қазақ ішінде әлдебір тарихи тұлғаның үлкен әулиелердің қатарына жатқан-жатпағанын бақсылардың зікір салуларынан да анықтап алуға болады. Мысалы, ондай сарындарда «Түркістанда бар – түмен баб, Сайрамда бар – сансыз баб», «Ойда отырған отыз қожа, қырда отырған қырық қожа» деген сөз байламдары жиі ұшырасады

Абылай:
– Ол бала да, мынау қазақ муритің ғой, қаны бірге ұлтың ғой. Бір қырғыз қалай, көп қазақ қалай? – дегенде, пірі:

сем, жолым болмайды деп іздетіп, Ертістің бойындағы жалғыз ағаш түбінен тапқызып алыпты.

– Кәпірді ататын жалғыз-ақ оғым қалып еді, мұсылманға атпайын деп қашып едім, – депті Жалаңаш баба.

– Мұсылман мұсылманның етін итке жегізіп, басынан келдімұра (кәлләмұнара – Е.О.) тұрғызып, осынша қорлай ма екен?! Жүрмесен, Құдай алдында достық хақымды кешпеймін, – дейді Абылай.

«Достық хақымды кешпеймін» деген сөзді ауырлап, Жалаңаш баба Абылаймен бірге бармақшы болады. ...Екі күн өтіп үшінші күн толарда, ...екі жау беттескен жерде қырғыздар оқ атып, Абылайдың жасап жатқан ғаскерін бұзып әкеп шатырға тықты. Манағы диуанаға:

– Енді қайтем, Жалаңаш баба?! – дейді Абылай.

– Сәске көтерілгенше ол атса да сен атпа, ол шапса да сен шаппа. Сенің оғың оларға сәске көтерілген соң дариды. Осы күні сағат оларға ауып тұр. Қырылғаның қырыл да, қалғаның орнында тұра бер! – деді Жалаңаш баба.

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №63 (4032) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with 6 columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. It lists citizens eligible for conscription on 28 February 2020.

Table with 6 columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. It lists citizens eligible for conscription, continuing from the previous table.

Table with 6 columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. It lists citizens eligible for conscription, continuing from the previous table.



Main table containing names, dates, and categories of individuals. Columns include name, date, and status. Rows range from 6110 to 6302.



ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒА ТАҒЫЛЫМЫ

» Ұлттық академиялық кітапхана мен Қазақстан Жазушылар одағының Нұр-Сұлтан қалалық филиалы бірлесіп, көрнекті әдебиеттанушы ғалым, академик, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Рымғали Нұрғалидің туғанына 80 жыл толуына арналған «Қазақ руханиятының ардакүреңі» атты онлайн академиялық сұхбат өткізді.

Бұл сұхбатқа Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет, ҚР Премьер-министрінің кеңесшісі, жазушы-драматург Ермек Аманшаев, жазушы Әлібек Асқар, қаламгер-публицист Сұлтан Оразалин, филология ғылымдарының докторы Арап Еспенбетов, профессор Құнапия Алпысбаев, ақын Дәулеткерей Кәпұлы және т.б. зиялы қауым өкілдері қатысып, ардақты азаматтың өмірі мен оның қызметі жайында естеліктер өрбітіп, ғибратты ғалымның артында қалған мол мұрасын насихаттау жайында өзекті мәселелерді қозғады.

Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет көрнекті академикті қазақ әдебиетінің үлкен білгірі екендігін жеткізді.

– Ол кісі парасатты азамат, қайраткер ретінде ғана емес, оның

әдебиеттегі орны да соншалықты биікте деп ойлаймын. Мен оның дәрісін тыңдаған шәкірті болған жоқпын. Бірақ өмірде ағалы-інілі жақын сыйластым. Әсіресе, Рекең драматургияның жілігін шағып, майын ішкен, оның күретамырын тап басқан, сыншы болды десем, артық айтқандық емес. Ол драматургияның зерттеу саласында ірі тұлға болып қалыптасып, соңынан мектеп қалдырды, – десе Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінде оқып жүргенде шәкірті болған Ермек Аманшаев ол кісінің алаш арыстары ақталмай тұрғанда олардың шығармалары туралы қаймықпай айтатындығын сөз етті.

«Рымғали аға энциклопедиялық білімі бар ғалымдардың бірегейі еді. Бізге 2-3 курста әдебиет теориясынан сабақ берді. Мысалы, сол жылдары Ахмет, Мағжандардың есімдері

айтылмайтын. Бірақ ұстазымыз ретін тауып, сабақ үстінде Ахаң мен Мағжанның шығармалары туралы айтып отыратын. Бірде емтихан болып, алған билетіме 20-шы жылдардағы қазақ әдебиеті деген сұрақ келді. Емтиханды Рымғали аға алды, сосын ол кісіге: «Жауап арасында Мағжанның мынадай бір өлеңі бар» деп қосып жібердім. Ол маған қарап: «Оны қайдан оқыдың?» деп сұрады, мен: «Қай жерден оқығаным есімде жоқ, бірақ оқыған кездегі алған әсерім есімде» деп жауап беріп едім, басын шайқап күлді. Рымғали аға Алаш зиялыларын ғана емес, әлем әдебиетін де жетік білетін еді» деді жазушы-драматург.

Сондай-ақ сұхбат барысында басқа да ғалымдар тұғырлы тұлға туралы толымды ойларын ортаға салып, тағылымды естелік айтты.

Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ

МУЛЬТЖОБАЛАРДЫ ҚАЗАҚША КӨРЕДІ

» Кешеден бастап балдырғандар «Balapan» @balapanTV телеарнасының YouTube каналынан шетелдік мультхикаяларды қазақша көре бастады.



«Қазақстан» телерадиокорпорациясына қарасты «Balapan» телеарнасы үздік шетелдік мультхикаялардың телекүқығымен қоса, интернет құқықтарын сатып алу бастамасын алғаш болып жүзеге асырып отыр. Яғни, алдағы уақытта арнадан көрсетілетін шетелдік анимациялық жобалар YouTube-тағы «BalapanTV» каналына салынады. Енді оны балалар әлемінің кез келген нүктесінен, қалаған уақытында тамашалайды. Бұған дейін шетелдік жобалардың дубляж жасалған нұсқасын әлеуметтік желілерге салу құқығы еліміздегі ешбір арнада болмаған.

Кешегі айтулы мерекеде балдырғандарға сый ретін ретінде YouTube-тағы «BalapanTV» каналына «Құрастырушы Лева» мультсериалының 66 бөлімі салынды. Алдағы таңда YouTube-арна «Виспер-1», «Виспер-2», «100% Wolf», «Аңдар достығы», «Капитан Шарки», «Қунг-фу қоян: от әміршісі», «Қанат қақ», «Аяз атаны құтқару», «Кемедегі оқиға» сынды анимациялық жобалармен толықтырылады.

Соңғы жылдары «Balapan» телеарнасы төл анимацияны дамытуға көп көңіл бөліп отыр. Айталық, телеарна тапсырысымен 2018 жылы 10, бытыр 14 отандық мультсериал іске асса, биыл кішкентайларға 20 жоба жол тартпақ. Эфирден өткен барлық жобаларды арнаның YouTube каналынан көруге болады.

«АБАЙ» ТЕЛЕАРНАСЫ АШЫЛАДЫ

» Биыл елімізде мәдениет саласына бағытталған «Абай» телеарнасы ашылады. Бұл хәкім Абайдың 175 жылдық мерейтойына тамаша тарту болғалы тұр. Осы жағымды жаңалықты ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев хабарлады.

Бізге мемлекеттік, коммерциялық біраз телеарналар жұмыс істейді. Олардың өз жолы, ұстанымы, бағыттары бар деуге болады. Бірақ тікелей мәдени-рухани салаға бағытталған арна жоқ еді. Енді осы олқылықтың орны толғалы тұр деп сенеміз. Әсіресе, қазақтың ағыл-тегілі әні мен күйін тыңдағанды жақсы көретін, ұлттық киноларды тамсанып қарайтын, мәдени-рухани өміріміздің түйткілді мәселелеріне жаны ауырып, соған алаңдап отыратын қауым үшін қуанышты жаңалық болып отыр.

Өзім Ресейдің «Культура» арнасын сағаттап көретін көрер-

менімін. Онда орыстың атақты ақын-жазушыларынан бастап, театр, бейнелеу, музей, кино, опера, секілді өнердің сан түрін қамтыған бағдарламалар көрсетіледі. Айтулы тұлғалардың мерейтойлары да ұмыт қалмайды. Зиялы қауымның қатысуымен мәдениет, руханият саласындағы өзекті мәселелерді талқылап жатады. Қысқасы, осы арнадан ұлттың намысы қалғып кетпеу үшін зиялылардың шырылдаған үнін естисіз. Сондай кезде бізде де осындай арна болса армандаушы едім. Ендеше, жаңа ашылмақ телеарнадан осындай үміт күтеміз.



КАРАНТИНДЕГІ МЕРЕКЕ

» Балаларды қорғау күніне орай өткізілген «Мейірімділік пен қуаныш күлкісі» мерекелік шарасы елордалық балалардың көңіл-күйін көтеріп, ерекше салтанатты шара болды.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, Полиция департаменті мен Еуразиялық ивент ассоциациясы және бірқатар балалар мерекесін ұйымдастыру орталықтары бірлесіп өткізген шараның мақсаты – карантиндегі балалардың көңілін көтере отырып, қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. «Эпидемиологиялық ахуалға байланысты биылғы балалар мерекесін өзгеше өткізуге тура келді. Балаларға жолда жүру ережелері, гигиеналық талаптарды сақтап, сұға түсуге болмайтын жерлерде шомылмауын ескерттік. Мультфильм қаһармандары арқылы ойната отырып, түсіндірдік деп ойлаймын» деді Байқоңыр аудандық полиция басқармасы ювенарлық бөлімшесінің инспекторы, полиция капитаны Есімсейітова Айгерім.

«Верный» тұрғын үй кешенінің ауласында өткізілген арнайы шараға балалар мен жасөспірімдер қатысты. Олар ертегі кейіпкерлері



киінген аниматорлармен бірге қызықты ойындар ойнап, би биледі. Қауіпсіздік ережелеріне құлақ түріп, «мойдодыр» танымдық әрі ойын-сауық бағдарламасы аясында гигиеналық талаптармен танысты. Тегін медициналық бетперделерге ие болды.

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ, студент



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС Директор – Жарқын ЖҰМАДИЛОВ

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР
Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ
Шеф-редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Апталық таралымы – 15 000
Тапсырыс №64
Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30.
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com
Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212 Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17 Үйлестіруші: 70-33-05 Жарнама: 70-33-06
astana.akshamy@mail.ru